

№№"Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамының жекелеген мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 13 қыркүйек N 1382

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Халықтық Банк) акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін жекешелендіру жөніндегі кеңесшіні таңдауға тендер өткізу жөнінде комиссия құрылсын.

2. "Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін жекешелендіру жөніндегі кеңесшіні таңдау бойынша тендер өткізу жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) 1999 жылдың 15 қыркүйегіне дейін мерзімде Халықтық Банк акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін жекешелендіру жөніндегі кеңесшіні таңдауға тендер (бұдан әрі - Тендер) жарияласын;

2) 1999 жылдың 15 қазанына дейін мерзімде Тендерді өткізсін және оның жеңімпазын аяқындасын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Тендердің қорытындысы бойынша Комиссияның шешімін бекіту және Халықтық Банк акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін жекешелендіру жөніндегі кеңесшімен тиісті келісім жасасу жөніндегі қажетті рәсімдерді жүргізсін;

2) Халықтық Банк директорлар кеңесінің қарауына мынадай:

Халықтық Банктің номиналдық құны 100 (жүз) теңге саны 6 031 666 (алты миллион отыз бір мың алты жүз алпыс алты) дана жаңа акцияларын шығару жолымен Халықтық Банктің жарияланған жарғылық капиталын арттыру туралы;

1999 жылдың 15 желтоқсанына дейін мерзімде Халықтық Банктің номиналдық құны 100 (жүз) теңге саны 6 031 666 (алты миллион отыз бір мың алты жүз алпыс алты) дана жаңа акцияларын орналастыру туралы;

Тендердің қорытындысы бойынша таңдалған Халықтық Банк акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін жекешелендіру жөніндегі кеңесшіні Халықтық Банк акцияларының жаңа шығарылымын орналастыру жөніндегі кеңесші ретінде тарту туралы мәселелерді қарау үшін 1999 жылдың 29 қазанына дейін мерзімде акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы мәселені енгізсін;

3) Халықтық Банк акцияларының жаңа шығарылымын орналастырғаннан кейін акциялардың мемлекеттік пакетінің Халықтық Банктің шығарылған акцияларының

жалпы санының жартысынан кем емес қосу бір акция мөлшерін белгілей отырып Халықтық Банктің номиналдық құны 100 (жүз) теңге саны 6 031 666 (алты миллион отыз бір мың алты жүз алпыс алты) дана акцияларының мемлекеттік

пакетінің бір бөлігін жекешелендіруді жүзеге асырсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 13 қыркүйектегі
N 1382 қаулысына
қосымша

"Қазақстан Халықтық Жинақ Банкі" ашық акционерлік
қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін
жекешелендіру жөніндегі кеңесшіні таңдау бойынша
тендер өткізу жөніндегі комиссияның
Құрамы

Әбілғазин Данияр - Қазақстан Республикасының Қаржы
Рүстемұлы вице-министрі - Қазақстан
Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік
мүлік және жекешелендіру комитетінің төрағасы,
төраға

Аманбаев Мұрат - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Ермұханұлы Кеңсесі Экономикалық бөлімінің меңгерушісі

Құзытбаева Ажар - Қазақстан Республикасының Әділет
Қилымбекқызы вице-министрі

Құдышев Мұрат - Қазақстан Республикасының
Тиышбекұлы Ұлттық Банкі төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Жолдасбеков Азамат - Қазақстан Республикасы
Мырзаданұлы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының төрағасы (келісім бойынша)

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Қасымбеков Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК